



18/1-5 31.03.2025



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С. Сейтжанова
2025 ж.

**PHD ДОКТОРАНТУРАҒА АЛДЫН АЛА ІРІКТЕУ ЖҮРГІЗУ
ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Е 498-2025

Күні	Көшірме	Басылым
		Бірінші

Шымкент

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы		Е 498-2025	
PhD докторантураға алдын ала іріктеу жүргізу тәртібі туралы ереже		1-ші басылым 7 беттің 2 беті	

1. «ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңес шешімімен БЕКІТІЛДІ.

Тексеру жиілігі – 3 жыл

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы		Е 498-2025
PhD докторантураға алдын ала іріктеу жүргізу тәртібі туралы ереже		1-ші басылым 7 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	4
3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	4
4. АЛДЫН АЛА ІРІКТЕУДІ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ	5
5. ДОКТОРАНТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУҒА ҮМІТКЕРЛЕРДІ АЛДЫН АЛА ІРІКТЕУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТІ	6
6. АЛДЫН АЛА ІРІКТЕУДІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ.....	6

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы		Е 498-2025
PhD докторантураға алдын ала іріктеу жүргізу тәртібі туралы ереже		1-ші басылым 7 беттің 4 беті

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ережеде мынадай нормативтік құжаттар пайдаланылады:

- "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 27.07.2007ж. №319-ІІІ Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен),
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы.

2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Ережеде мынадай терминдер, анықтамалар және қысқартулар пайдаланылады:

- «ОҚМА» АҚ - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы,
- ҒЖДжМБ - Ғылыми жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы,
- ЖЖОКБҰ - жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы.

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. Осы Ереже «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ (бұдан әрі – «ОҚМА» АҚ) PhD докторантурасының білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін алдын ала іріктеу жүргізу тәртібі туралы.

3.2. PhD докторантураға үміткерлерді алдын ала іріктеу (бұдан әрі – Алдын ала іріктеу) «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)» білім беру саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша PhD докторантурасына түсу кезіндегі міндетті кезең болып табылады, ол үміткерлердің оқуға дайындығын анықтау мақсатында жүзеге асырылады және докторантураға қабылдаудың бірінші кезеңі болып табылады.

3.3. Алдын ала іріктеу «ОҚМА» АҚ-да қабылдау емтихандары басталғанға дейін, Үлгілік қағидалармен бекітілген күнтізбелік жылдың 1 ақпанынан 15 сәуіріне дейінгі кезеңде жүргізіледі. Алдын ала іріктеу кезеңінде PhD докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсуге үміткерлердің құжаттары қабылданады және қаралады.

3.4. «ОҚМА» АҚ сайтында «Докторантқа, магистрантқа, резидентке» парақшасында үміткерлерге оқуға қабылдау ережелері, құжаттар тізімі, құжаттарды қабылдау мерзімдері, комиссия отырысының кестесі және алдын ала іріктеуді өткізу тәртібі туралы ақпарат ұсынылады.

QYTYSTYK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы		Е 498-2025
PhD докторантураға алдын ала іріктеу жүргізу тәртібі туралы ереже		1-ші басылым 7 беттің 5 беті

4. АЛДЫН АЛА ІРІКТЕУДІ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Докторантураға түсуге үміткерлер (бұдан әрі – Үміткер) «ОҚМА» АҚ қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) «ОҚМА» АҚ ректорының атына өтініш (Ү 498-001-2025);
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) білім туралы құжат;
- 4) ұлттық тестілеу орталығы берген мемлекеттік тілден емтиханды (ҚАЗТЕСТ) тапсырғаны туралы ресми сертификат (бар болса, егер жоқ болса, оқуға құжаттарды қабылдаудың екінші кезеңінде ұсынылуы тиіс);
- 5) Шет тілін білуге арналған бірыңғай еуропалық анықтамалық шеңберге (стандарттарға) сәйкес шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификат (бар болса, егер жоқ болса, оқуға құжаттарды қабылдаудың екінші кезеңінде ұсынылуы тиіс);
- 6) 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;
- 7) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
- 8) жұмыс орны бойынша кадр қызметімен куәландырылған жұмыс өтілін растайтын құжат (магистратураны бітірген тұлғалар үшін жұмыс өтілі 9 айдан кем емес);
- 9) докторантураға түсуге ынталандыру хаты;
- 10) диссертациялық зерттеудің қазақ немесе орыс тілдеріндегі аннотациясы;
- 11) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың (ғылыми жарияланымдар) тізбесі (бар болса);
- 12) ғылыми әзірлемелердің сертификаттары; ғылыми стипендияларды тағайындау туралы куәліктер; гранттар; ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін сертификаттар/дипломдар және т.б. (бар болса).

4.2. Алдын ала іріктеу кезеңінде шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау талап етілмейді. Бұл процедура оқуға қабылдаудың екінші кезеңінде міндетті болып табылады.

4.3. PhD докторантурада кадрларды даярлау магистратура немесе резидентураның білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады. Докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратура немесе резидентура бағдарламасының бейінімен сәйкес келмеген жағдайда үміткерге ғылыми-педагогикалық магистратураның педагогикалық бейінінің пререквизиттері белгіленеді. Қажетті пререквизиттердің тізбесін және оларды игеру мерзімдерін "ОҚМА" АҚ дербес белгілейді. Пререквизиттер ақылы негізде игеріледі.

4.4. Осы Ереженің 4.1. тармағында көрсетілген құжаттар қабылдау комиссиясына күндізгі форматта ұсынылады:

- құжаттардың толық пакетін ұсынғаннан кейін өтініш берушіге құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріледі;

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы		Е 498-2025
PhD докторантураға алдын ала іріктеу жүргізу тәртібі туралы ереже		1-ші басылым 7 беттің 6 беті

- осы Ереженің 4.1. тармағында көрсетілген құжаттардың толық емес тізбесі ұсынылса, үміткердің өтініші қаралмайды.

Ескерту: PhD докторантураға «магистр» дәрежесі және кемінде 9 (тоғыз) ай жұмыс өтілі бар немесе медициналық мамандықтар бойынша резидентурада оқуын аяқтаған тұлғалар қабылданады.

5. ДОКТОРАНТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУҒА ҮМІТКЕРЛЕРДІ АЛДЫН АЛА ІРІКТЕУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

5.1. Алдын ала іріктеуді өткізу үшін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиясы құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға рұқсат етіледі.

5.2. Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиясы тиісті сала бойынша ғылым докторы немесе кандидаты немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар «ОҚМА» АҚ қызметкерлері, профессор-оқытушылар құрамынан құрылады.

5.3. Емтихан комиссияларының құрамы, олардың төрағаларын көрсете отырып, «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен бекітіледі.

5.4. Алдын ала іріктеуді өткізу үшін ҒЖДЖМБ білім беру бағдарламалары бойынша докторантураға алдын ала іріктеу бағдарламасын әзірлейді және ғылым және стратегиялық даму жөніндегі проректорды бекітеді.

5.5. Алдын ала іріктеу нәтижелері бойынша әрбір үміткерге алдын ала іріктеу комиссиясы отырысының хаттамасы толтырылады.

6. АЛДЫН АЛА ІРІКТЕУДІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ

6.1. Алдын ала іріктеудің нәтижелері қабылдау емтихандарына «жіберу» немесе «жібермеу» болып табылады.

6.2. Докторантураға қабылдаудың екінші кезеңіне жіберу туралы шешім үміткердің құжаттарын қарау және әңгімелесу нәтижелері бойынша қабылданады.

6.3. Алдын ала іріктеу қорытындылары комиссия отырысының хаттамасында (Ү 498-002-2025) рәсімделеді, сондай-ақ үміткерге тапсыру үшін хаттамадан көшірме түрінде (Ү 498-003-2025) беріледі.

6.4. Алдын ала іріктеу нәтижелері бойынша апелляция жүргізілмейді.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы		Е 498-2025
PhD докторантураға алдын ала іріктеу жүргізу тәртібі туралы ереже		1-ші басылым 7 беттің 7 беті

Әзірлеген:

Қызмет атауы	Толық аты-жөні
Докторантура және магистратура секторының меңгерушісі	Ходжакулова У.А.

Тексерген:

Қызмет атауы	Толық аты-жөні
Ғылыми жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасының басшысы	Дарибаев Н.М.
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің бастығы	Ержанов Н.А.
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.

Келісілген:

Қызмет атауы	Толық аты-жөні
Клиникалық жұмыстар жөніндегі проректор	Нурмашев Б.К.
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	Анартаева М.Ұ.